

**«Ұлттық ойын – ұрпақ мұрасы»
Ханталапай және басқа да ұлттық
ойындар**

Қазақ тілі маманы: Зауирбекова А

«Ұлттық ойын – ұрпақ мұрасы» Хантаалапай және басқа да ұлттық ойындар

Мақсаты:

Балаларды қазақтың ұлттық ойындарымен таныстыру, қызығушылықтарын арттыру, ойлау, шапшаңдық, ептілік дағдыларын дамыту.

Міндеттері:

Білімдік: Ұлттық ойындар туралы түсінік беру (Хантаалапай, Асық ату, Арқан тарту)

Дамытушылық: Қимыл-қозғалысын, жылдамдық, ептілігін дамыту

Тәрбиелік: Ұлттық дәстүрді құрметтеуге тәрбиелеу

Қажетті құралдар:

Асықтар, арқан

Суреттер (ұлттық ойындар)

Музыка

Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі

Балалармен амандасу

Шаттық шеңбері:

Шеңберде тұрып айту:

Армысың, алтын күн!

Армысың, кең дала!

Армысың, достарым!

Біз бақытты баламыз!

2. Кіріспе әңгіме

□ Ұлттық ойындар – ата-бабамыздан қалған мұра

□ Олар балаларды батыл, епті, шапшаң болуға үйретеді

Сұрақтар:

Қандай ұлттық ойындарды білесіңдер?

Асық ойнап көрдіңдер ме?

3. Негізгі бөлім

1-ойын: «Хантаалапай»

Шарты:

Асықтар ортаға шашылады

«Хантаалапай!» дегенде балалар асықтарды тез жинайды

Кім көп жинаса – сол жеңімпаз

Дамытады: жылдамдық, зейін

2-ойын: «Асық ату»

Шарты:

Белгіленген жерден асықты дәлдеп ату

Кім дәл тигізсе – ұпай алады

Дамытады: дәлдік, көз мөлшері

3-ойын: «Арқан тарту»

Шарты:

Екі топқа бөлінеді

Арқанды өз жағына тарту

Дамытады: күш, ұйымшылдық

Сергіту сәті

Қимылмен:

Оңға, солға бұрыламыз,

Бір отырып, бір тұрамыз.

Біз бақытты баламыз,

Ойын ойнап аламыз!

5. Қорытынды

Сұрақ-жауап:

Қай ойын ұнады?

Ханталапай ойыны қалай ойналады?

Балаларды мадақтау

Ойындарды ойнай алады